

№ _____
Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру ШАРТЫ

«__» _____ 20__ г.

«Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ, бұдан әрі «Сақтандырушы» деп аталады, _____ сенімхаттың негізінде әрекет ететін «Еуразиялық банк» АҚ агентінің атынан әрекет етуге уәкілетті _____ тұлғасында, бір тараптан, және _____, бұдан әрі «Сақтанушы» деп аталады, екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар», ал жеке – жеке «Тарап» деп аталады, төмендегілер туралы осы Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру шартын (бұдан әрі мәтін бойынша «Шарт») жасады:

САҚТАНДЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ

1	Сақтандыру класы	Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру
2	Сақтандырушы	«Евразия» СК» АҚ, Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 59. тел.: (727) 258 43 36; факс: 258 43 38, «Еуразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы, БСН: 950540000024, IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT: EURIKZKA
3	Сақтанушы	Аты-жөні
		ЖСН
		Мекенжайы
		Жеке басты куәландыратын құжат (құжат атауы, нөмірі, берілген күні, беруші)
		Телефон
		Экономика секторының коды (ЭСК), Резиденттік белгісі (РБ), Экономикалық қызмет түрі (ЭКТ)
4	Сақтандыру объектісі	Сақтандыру объектісі осы Шартта көрсетілген сақтандырылған автомобиль көлігін иеленумен, пайдаланумен және билік етумен, осы Шартта айқындалған сақтандыру жағдайларының нәтижесінде оның жоғалу (жойылу) немесе зақымдану тәуекелімен байланысты Сақтанушының (сақтандырылушының) мүлдіктік мүдделері болып табылады
5	Сақтандырылған көлік	көлік түрі
		маркасы, үлгісі
		тіркеу нөмірі
		шығарылған жылы
		шанак/шасси нөмірі
		Тіркеу куәлігінің №
		Нақты құны (____ / ____ / ____) теңге
6	Сақтандыру сомасы / Страховая сумма	(____ / ____) теңге «Жеңіл алынатын бөлшектерді ұрлау» тәуекелі бойынша жауапкершіліктің шекті лимиті көлік құралының сақтандыру сомасының 10%-ын құрайды.
7	Сақтандыру сыйлықақысы	(____ / ____) теңге
8	Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі және мерзімдері:	Деректемелері осы Шартта көрсетілген Сақтандырушының банктік шотына аудару арқылы осы Шарт жасалған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде біржолғы түрде
9	Сақтандыру тарифі	% сақтандыру сомасынан
10	Сақтандыру жағдайлары	<i>Мынадай оқиғалар нәтижесінде автомобиль көлігінің жоғалуы (жойылуы) немесе зақымдануы :</i> 1) жол-көлік оқиғасы (ЖКО): автомобиль көлігінің жолдағы қозғалысы барысында және оның қатысуымен туындаған, бұл кезде басқа автомобиль көлігімен соқтығысу, жылжымалы немесе жылжымайтын заттарға (құрылыстарға, кедергілерге, құстарға, жануарларға) соқтығысу (қақтығысу), басқа көлік құралының жылжымайтын сақтандырылған көлік құралына соқтығысуы, аударылу, су басу, алда келе жатқан автомобиль көлігінің дөңгелектерінің астынан ұшқан тастардың тиісі орын алған оқиға. 2) үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы іс-әрекеттері: автомобиль көлігін айдап әкету, қарақшылықпен, тонау, ұрлау, өртеу немесе бүлдіру және автомобиль көлігін айдап әкетумен, қарақшылықпен, тонаумен, ұрлаумен, өртеумен немесе бүлдірумен не айдап әкету, қарақшылық, тонау, ұрлау, өртеу немесе бүлдіру әрекетімен байланысты жою немесе бүлдіру. 3) дүлей апаттар¹: дауыл, теңіз дауыл, құйын, бұршақ, найзағайдың түсі, жер сілкінісі, таудың отырды, көшкір, су басу, су тасқыны . 4) өзге де күтпеген оқиғалар: өрт, жарылыс, мұздың астына түсіп кету, су құбыры, жылыту немесе кәріз жүйелерінен зақымдану, автомобиль көлігіне бөгде объектінің немесе заттың құлауы немесе түсуі, атап айтқанда: ғимараттар мен құрылыстардың шатырларынан, бағаналардан, ағаштар мен олардың бұтақтарынан шатыр темірінің, қардың немесе мұздың құлауы. 5) оңай алынатын бөлшектерді ұрлау, атап айтқанда: айналар, шыны тазалағыштар, дөңгелектер/ сыртқы дөңгелек, антенналар, қалыптар, эмблемалар (белгішелер), терезе дефлекторлары
11	Франшиза	Осы Шартқа сәйкес шығарылған жылынан бастап автомобиль көлігін пайдалану мерзіміне қарай Шарт кестесінің 11-жолының 1-тармағында немесе тиісінше 2-тармағында көрсетілген шарт қойылмайтын франшиза қолданылады: 1. Шығарылған жылынан бастап 0 жылдан 10 жылға дейінгі пайдалану мерзімімен көлік құралдары үшін сақтандыру шартын жасау күніне: 1) Шарт қойылмайтын франшиза сақтандырылған көлік құралы ішінара зақымданған кезде кез келген және әрбір сақтандыру жағдайы бойынша көлік құралының сақтандыру сомасынан 1%. 2) осы Шарттың 11 - тармағының 1-тармақшасына қарамастан, осы Шартта көзделген кез келген сақтандыру жағдайының нәтижесінде көлік құралы жоғалған және/немесе толық жойылған кезде шарт қойылмайтын франшиза - тиісті көлік құралының сақтандыру сомасының 1% - ын құрайды. 3) осы Шарттың 11-тармағының 1) және 2) тармақшаларына қарамастан, «жеңіл алынатын бөлшектерді ұрлау» тәуекелі бойынша шартсыз франшиза әрбір жеңіл алынатын бөлшек бойынша, әрбір және кез келген сақтандыру жағдайы бойынша, әрбір көлік құралы бойынша «жеңіл

¹ дүлей апат - нәтижесінде төтенше жағдай туындаған апат.

		<p>алынатын бөлшектерді ұрлау» тәуекелі бойынша жауапкершіліктің шекті лимитінің 1% - ын құрайды.</p> <p>2. Шығарылған жылынан бастап 11 жылдан 20 жылға дейінгі пайдалану мерзімімен автомобиль көлігі үшін сақтандыру шартын жасау күніне:</p> <p>1) Шарт қойылмайтын франшиза сақтандырылған көлік құралы ішінара зақымданған кезде кез келген және әрбір сақтандыру жағдайы бойынша көлік құралының сақтандыру сомасынан 5%.</p> <p>2) осы Шарттың 11 - тармағының 1-тармақшасына қарамастан, осы Шартта көзделген кез келген сақтандыру жағдайының нәтижесінде көлік құралы жоғалған және/немесе толық жойылған кезде шарт қойылмайтын франшиза - тиісті көлік құралының сақтандыру сомасының 10% - ын құрайды.</p> <p>3) осы Шарттың 11-тармағының 1) және 2) тармақшаларына қарамастан, «жеңіл алынатын бөлшектерді ұрлау» тәуекелі бойынша шартсыз франшиза әрбір жеңіл алынатын бөлшек бойынша, әрбір және кез келген сақтандыру жағдайы бойынша, әрбір көлік құралы бойынша «жеңіл алынатын бөлшектерді ұрлау» тәуекелі бойынша жауапкершіліктің шекті лимитінің 5% - ын құрайды.</p>
12	Сақтандыру қорғауының аумағы	Қазақстан Республикасы
13	Сақтандыру шартының және сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңі	«__» _____ ж. бастап «__» _____ ж. дейін
14	Пайда алушы	1. «Еуразиялық банк» АҚ. 2. Сақтанушы - егер сақтандыру төлемі негізгі борыш сомасынан асып кеткен жағдайда, жасалған Кепіл шарты шеңберіндегі қарыз шарты бойынша сақтандыру төлемі сомасының және негізгі борыш сомасының айырмасы мөлшерінде.
15	Сақтандырылушы	1) Сақтанушы, сондай-ақ Сақтанушы КҚИ АҚЖМС бойынша жасаған сақтандыру полисінде көрсетілген тұлғалар Сақтандырылушылар табылады, бұл ретте КҚИ АҚЖМС полисінде көрсетілген тұлғаларға сақтандыру арқылы қорғау күні өз қолданысын КҚИ АҚЖМС полисі бойынша сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылуы басталған күннен бастайды, бірақ Сақтандыру шартының қолданылу мерзімінен ерте емес 2) Осы кестенің 15-тармағының 1) тармақшасына қарамастан Сақтанушы ғана Сақтандырылушы болып табылады, егер соңғысы КҚИ АҚЖМС бойынша сақтандыру полисін жасамаса не мұндай полис күшіне енбесе. 3) Осы кестенің 15 тармағының 1) тармақшасына және 2) тармақшасына қарамастан, егер Сақтанушының көлік жүргізуге құқығы болмаса, онда Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғау мынадай тәуекелдерге қатысты ғана қолданылады: үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері, дүлей апаттар, өзге де күтпеген оқиғалар және жеңіл алынатын бөлшектердің ұрлануы. Осы Шартқа сәйкес КҚИ АҚЖМС полисі деп көлік құралдары иелерінің азаматтық – құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру полисі түсініледі. Сақтандырылушылардың тізіміне өзгерістер енгізу үшін - Сақтанушы Сақтандырушыға жазбаша өтінішпен жүгінуі керек. Өзгерістер осы Шартқа қосымша келісім жасау арқылы жазбаша нысанда ресімделеді.
16	Сақтанушы таңдаған қосымша опциялар	1) <i>ЖКО орнына эвакуатор (Сақтанушы көрсеткен межелі жерге бір жолғы тасымалдау). Бұл опция Қазақстан Республикасының барлық өңірлері үшін қолжетімді, эвакуатор қызметтеріне ақы төлеу растайтын құжаттар ұсынылған кезде жүргізіледі, бірақ километражға байланысты 10 000 теңгеден аспайды.</i> 2) Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтандыру сомасын қалпына келтіру.
17	Келесі жағдайларда сақтандырылмайды, ал шарт жасалған жағдайда, сақтандыру төлемі төленбейді:	Автомобиль көлігі қаршеринг үшін пайдаланылса; автомобиль көлігін автобустық парктер, автобазалар, автомобиль шаруашылықтары, коммуналдық қызметтер, тағам өнімдерін жеткізу қызметтері пайдаланса, сондай-ақ автомобиль такси ретінде пайдаланылса.
18	Ерекше талаптар	1) ЖКО сақтандырылушының кінәсінен оырн алмаған кезде, шарт қойылмайтын франшизаны шегеру туралы шарт қолданылмайды. 2) Осы Шартқа сәйкес сақтандыру төлемі тәуелсіз бағалаушы берген зиянның мөлшері туралы бағалау туралы есеп негізінде жүзеге асырылады.
19	Банктік қарыз шарты	

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ, ОПЦИЯЛАР

1. Осы Шарттың мәні сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде автомобиль көлігін сақтандыру болып табылады, осыған байланысты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Шартта көзделген көлемде және шарттарда сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

2. Сақтанушы қосымша опцияны таңдауға құқылы. Сақтанушыны таңдау осы Шарттың Негізгі сақтандыру шарттарының кестелік бөлігінің 16-тармағында осы опцияның болуымен расталады.

3. Опциялардың мазмұны:

1) **1-Опция:** *ЖКО орнына эвакуатор (Сақтанушы көрсеткен межелі жерге бір жолғы тасымалдау).* Бұл опция тек сақтандырылған көлік құралы бойынша ғана қолданылады. Осы опцияға сәйкес эвакуатор қызметтерінің құнын Сақтандырушы сақтанушы сақтандыру жағдайы туралы хабарлаған кезде төлейді.

2) **2-Опция:** *Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтандыру сомасын қалпына келтіру.* Осы опцияға сәйкес көлік құралы толық жойылған (жоғалған) кезде төлемді толық көлемде жүзеге асыруды қоспағанда, сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтандыру сомасының мөлшері азайтылмайды.

2. САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫ

1. Сақтандыру объектісі осы Шарттың кестелік бөлігінің 5-тармағында санамаланған автомобиль көлігін иеленумен, пайдаланумен және билік етумен байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) мүлкіктік мүдделері, осы Шартта айқындалған сақтандыру жағдайларының нәтижесінде оның жоғалуы (жойылуы) немесе бүліну тәуекелі болып табылады.

2. Сақтандырылған автомобиль көлігінің атауы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шарттың кестелік бөлігінің 5-тармағында көрсетілген.

3. Сақтандырылған автомобиль көлігінің сақтандыру сомасы осы Шарттың кестелік бөлігінің 6-тармағында көрсетілген.
4. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын осы Шартта айтылған мерзімде төлемеген жағдайда, Сақтандырушы жай ғана хабарлау жолымен осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға не сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.
5. Үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттерінің тәуекелі бойынша сақтандыру кезінде сақтанушы (сақтандырылушы) сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылуы уақытында қамтамасыз етуге тиіс:
 - 1) автомобиль көлігінің ұрлауға қарсы дабылмен жабдықталуын;
 - 2) автомобиль көлігін қараусыз қалдырған кезде барлық құлыптарының жабылып, ұрлауға қарсы дабылдың қосылуын қамтамасыз етуі тиіс;
 - 3) көлік құралында техникалық паспорт пен кілттерді қалдырмау.
6. Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы баптың 5-тармағында көрсетілген шарттарды сақтамаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша, тәуекел бойынша үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы іс-әрекеттері бойынша сақтандыру төлемін бас тартуға құқылы.
7. Осы Шарт бойынша сақтандырумен мүліктің мынадай түрлері өтелмейді:
 - 1) сақтандырылған автомобиль көлігіндегі антиквар және бірегей заттар, асыл металдардан, жартылай асыл және жылтырақ тастардан жасалған бұйымдар, топтамалар, қолжазбалар, картиналар, діни ғибадат заттары, ақша белгілері, бағалы қағаздар, құжаттар, фототүсірілімдер, оқ ататын қару және жарылғыш заттар, сондай-ақ Сақтандырылушыға және оның отбасы мүшелеріне тиесілі емес немесе сатуға арналған не кәсіпкерлік қызметке байланысты заттар;
 - 2) автомобильге орнатылған антирадарлар, автомагнитоланың алынатын сырты, алынатын автомагнитола, бейне техника, компьютерлер және басқа да ұқсас жабдық;
 - 3) сақтандырылған көлік құралының зауыттық жиынтығына кірмейтін кез келген мүлік, бүйірлік айналар.
8. Егер автомобиль көлігінің жоғалуы (жойылуы) немесе бүлінуі төмендегі фактілердің бірі немесе бірнешеуі болған кезде орын алса, **сақтандыру жағдайы болып табылмайды және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:**
 - 1) соғыс; басып кіру; шетелдік мемлекеттің қырғи қабақ іс-қимылдары; әскери немесе оған ұқсас операциялар (соғыс жарияланды ма, жоқ па оған тәуелсіз) немесе азаматтық соғыс;
 - 2) көтеріліс; ереуілдер; локауттар; азаматтық және/немесе жаппай тәртіпсіздіктер, халық көтерілісінің көлеміне ие болу немесе оған дейін өсу; бүлік; азаматтық толқулар; әскери бүлік; революция; әскери басып алу немесе билікті басып алу; тәркілеу; мүлікті мемлекеттің меншігіне алуы немесе үлгі меншігіне айналдыру; лаңкестік акциялар²; өзге де жауынгерлік, әскери іс-қимылдар;
 - 3) радиоактивтік сәулелену немесе атом отынын жағудан радиоактивті қалдықтармен немесе радиоактивті отынмен ластану;
 - 4) Сақтанушының немесе Сақтандырылушының не автомобиль көлігін басқаруға рұқсат берілген басқа тұлғалардың қасақана әрекеттері;
 - 5) Сақтанушының немесе Сақтандырылушының не автомобиль көлігін басқаруға жіберілген басқа тұлғалардың алкогольге, уытты заттарға немесе есірткіге мас күйінде немесе автомобиль көлігін жүргізу кезінде тыйым салынатын медикаментоздық препараттардың әсерімен автомобиль көлігін басқаруы;
 - 6) тиісті санаттағы автомобиль көлігін басқару құқығына жүргізуші куәлігі жоқ тұлғаға автомобиль көлігін беру немесе басқару;
 - 7) осы Шартта Сақтандырылушы ретінде көрсетілмеген тұлғаға автомобиль көлігін жүргізген кезде;
 - 8) автомобиль көлігін сынақтарда, спорттық немесе оқу мақсаттарында пайдалану;
 - 9) автомобиль көлігін заңсыз мақсаттарда немесе осы Шартта көрсетілгеннен өзгеше мақсаттарда пайдалану;
 - 10) автомобиль көлігін Сақтандырушының жазбаша келісімсіз жалға, лизингке немесе прокатқа беру;
 - 11) Сақтанушының, Сақтандырылушының немесе көлікті басқаруға рұқсат берілген өзге де тұлғалардың қасақана автомобиль көлігін (көлік құралдарын) пайдалану қағидаларын бұзуы, оның ішінде техникалық ақаулы автомобиль көлігін, белгіленген тәртіппен техникалық байқаудан өтпеген автомобиль көлігін пайдалану, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі қағидаларын, өрт қауіпті және жарылыс қауіпті заттар мен заттарды тасымалдау және сақтау қағидаларын, автомобиль көлігі құралдарын пайдалану қағидаларын, автомобиль көлігі құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы сақтандыру жағдайының себебі болған жүктерді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік (жол қозғалысы ережелеріне сәйкес);
 - 12) сақтандыру жағдайының сақтандыру аумағынан тыс немесе сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңінен тыс басталуы;
 - 13) сақтандыру жағдайы ретінде осы Шартта көрсетілмеген оқиғалар;
 - 14) Сақтанушы, Сақтандырылушы немесе автомобиль көлігін басқаруға рұқсат берілген тұлға ЖКО орнынан жасырынса және / немесе ЖКО орнын автомобиль көлігінде немесе көліксіз тастап кетсе немесе белгіленген мерзімде алкогольдік, уытқұмарлық немесе есірткілік мас болуды анықтау тұрғысынан медициналық куәландырудан (сараптамадан) өтпесе;
 - 15) тозу, тот, коррозия, көгеру, зең басу, дымқыл немесе құрғақ шірік, біртіндеп нашарлау, жасырын ақаулар, бұрыннан болған ақаулар, баяу дамып келе жатқан деформация немесе бұрмалану, жөндіктердің қалдықтары, кез келген түрдегі паразиттер/микробтардың әрекеттері және кеміргіштер, зауыттық ақау;
 - 16) шатырдан немесе төбедегі есіктерден су ағу (егер шатыр немесе төбедегі есіктер сақтандыру жағдайында бүлінбесе ғана) немесе әйнектерді ашық қалдыру;
 - 17) жобадағы (дизайндағы), ерекшеліктердегі, өндірістегі, материалдардағы қателер және қате есептеулер;
 - 18) сақтандыру жағдайының кезінде немесе тікелей кейін автомобиль көлігінің бөлшектерін және/немесе мүлкін ұрлаудың немесе тонаудың;
 - 19) дербес орнатылған электр және бақылаушы, с.і. электр сымның немесе дербес орнатылған қосымша жабдықтың тұйықталуы салдарынан автомобиль көлігінің ақауының нәтижесінде туындаған өрттің;
 - 20) автомобиль көлігін көліктің кез келген түрімен тасымалдау;
 - 21) автомобиль көлігінің қозғалтқышын жылыту үшін ашық от көздерін пайдалану;
 - 22) сақтандыру жағдайы кезінде немесе тікелей оның алдында автомобиль көлігіндегі жолаушылардың жалпы саны автомобиль көлігінің осы моделі үшін белгіленген ең жоғары мөлшерден асып кеткен және/немесе автомобиль көлігін тиеудің шекті нормаларынан асып кеткен кез келген себеп бойынша;
 - 23) сақтандырылған автомобиль көлігін онда қалдырылған тіркеу құжаттарымен (көлік құралын тіркеу туралы куәлікпен және т. б.) және оның кілттерімен бірге ұрлау (айдап өкету);
 - 24) ЖКО кезінде сақтандырылған көлік құралын басқарған сақтандырылушы 6 сағат ішінде жол полициясы қызметкерлерінің мас болу мәніне медициналық куәландырудан (сараптамадан) сақтандыру жағдайын рәсімдеуден өтпеген;
 - 25) жылдың осы уақытына және аталған орынға тән әдеттегі ауа райы және табиғи жағдайлардың/құбылыстардың әсері;
 - 26) автокөлік құралының жанауы, егер ол ЖКО орнында болмаса және оның салдары болып табылмаса, сондай-ақ автокөлік құралын өртеу нәтижесінде, егер ол үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы іс-әрекеттерінің нәтижесінде болмаса;
 - 27) автокөлік құралының жарылуы, егер ол ЖКО орнында болмаса және оның салдары болып табылмаса, сондай-ақ, егер ол үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттерінің нәтижесінде болмаса, автокөлік құралының бұзылуы нәтижесінде;
 - 28) тасымалданатын жүкпен көлік құралын бүлдіру;
 - 29) егер сақтандырылған КҚ құлыптарын ауыстыру және сигнализацияны қайта бағдарламалау жүзеге асырылмаса, сақтандырушыға сақтандырылған КҚ кілттерінің жоғалғаны туралы хабарламау;
 - 30) қосымша жабдықты орнату немесе Сақтандырушымен алдын ала жазбаша келісімсіз сақтандырылған көлік құралының конструкциясына өзгерістер енгізу.
 - 31) сақтандырылған көлік құралының сақталуын қамтамасыз етуге шаралар қолданбау;
 - 32) Сақтандырушы және тәуелсіз сарапшы/бағалаушы зақымданған көлік құралын қарап тексергенге дейін көлік құралына жөндеу жүргізу;

² «Лаңкестік акция» - терроризм мақсаттарына қол жеткізуге және террористік сипаттағы өзге де қылмыстар жасауға бағытталған іс-әрекеттер жиынтығы.

- 33) зақымдану сипаты мен оқшаулаудың мәлімделген оқиғаға сәйкес келмеуі;
- 34) сақтандырылған көлік құралын каршеринг үшін пайдалану;
- 35) автомобиль көлігін автобус паркі, автобазалар, автошаруашылықтар, коммуналдық қызметтер, азық-түлік жеткізу қызметтері, сондай-ақ такси және курьерлік такси қызметтері пайдаланылады;
- 36) осы Шартпен КҚИ АҚЖ МС бойынша сақтандыру полисінде тікелей көрсетілмеген тұлғалар жол берген сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға өтелмейді, оның ішінде полисте көрсетілмеген, бірақ Сақтанушының/Сақтандырылушының қатысуымен көлікті басқарған адамның іс-әрекеті жабылмайды, сол сияқты байсалды жүргізушінің іс-әрекеті өтелмейді.

9. Сақтандыру жағдайы болып табылмайды:

- 1) құралдардың жиынтығын, дәрі-дәрмек кобдишасын, өрт сөндіргішті, апаттық тоқтау белгісін, стационарлық айдап әкетуге қарсы құралдардың ұрлануымен, зақымдануымен, жойылуымен болған залалдар, егер олар дайындаушы-зауытпен орнатылған немесе қосымша жабдық ретінде сақтандырылмаған болса;
- 2) дөңгелек дискілерінің немесе шиналарының зақымдануынан болған залалдар, егер бұл ретте аталған сақтандыру жағдайымен болған автомобиль көлігінің басқа тораптары мен бөлшектерінің зақымдануы болмайтын болса;
- 3) тіркеу нөмірлерін ұрлаумен болған залалдар;
- 4) автомобиль көлігін пайдалану нәтижесінде оның бөлшектерінің, тораптары мен агрегаттарының сынуынан, істен шығуынан, істен шығуынан, оның ішінде агрегаттардың ішкі қуыстарына бөгде заттар мен заттардың түсуі салдарынан келтірілген залалдар;
- 5) автомобиль көлігінің, қосымша жабдықтың, багаждың табиғи тозуына байланысты шығындар;
- 6) тенттің зақымдануынан немесе ұрлануынан туындаған шығындар-жүк автомобильдерін, жеңіл автомобильдердің жүк модификацияларын, тіркелмелер мен жартылай тіркелмелерді сақтандыру кезінде;
- 7) жануарлардың іс-әрекетінен және қысқа тұйықталудан туындаған шығындар;
- 8) осы Шартта көрсетілген сақтандыру оқиғасы нәтижесінде алынған сақтандырылған көлік құралының тауарлық құнын жоғалтудан болған шығындар өтелмейді;

10. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:

- 1) жанама және коммерциялық жоғалтулар, оның ішінде келісімшарттар (шарттар) бойынша туындаған тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды жүргізу (қызметтерді көрсету) мерзімдерінің, басқа міндеттемелердің бұзылуымен байланысты жоғалтулар (айыппұлдар, тұрақсыздық төлемдері және т.б.), ұтылған пайда; сақтандыру жағдайының салдары болып табылатын басқа шығындар (әкімшілік айыппұлдар және басқа мемлекеттік төлемдер; жалға алынатын автомобиль көлігін (мүлкін) пайдаланғаны үшін төлемдер; жөндеу кезінде қонақ үйде тұрғаны үшін төлемдер; іссапар шығындары;кірістен айырылу;тоқтап тұрумен байланысты шығындар; тұрақ және күзет үшін төлемдер, зақымданған автомобиль көлігін тасымалдау шығындары);
- 2) моральдық залал үшін;
- 3) сот шығындары үшін;
- 4) тауарлық құнын жоғалтқаны үшін.

11. Осы Шарт бойынша сақтандырылушы көлік құралына мынадай оқиғалардың нәтижесінде немесе болған кезде немесе әсер ету кезінде тікелей немесе жанама келтірілген залал өтелмейді:

- 1) кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруларының және өзге де қарулардың/құралдардың, машиналардың, кемелердің/өзге де жүзу құралдарының, техниканың, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдардың, соғыста, әскери іс-қимылдарында, арнайы операцияларда, бітімгершілік акцияларда, кез келген қарсыласуда қолдануға арналған. Не қолданылғаннан кейін қалған жабдықтың әсер етуі тәртіпсіздіктер, жаппай тәртіпсіздіктер, революцияар, төңкерістер, билікті құлату, оккупациялар, интервенциялар және кез келген басқа да осындай іс-әрекеттер немесе осындай іс-әрекеттің іске асырылмаған құралдарын залалсыздандырығаннан кейін қалған жабдықтардың әсерлері.

12. Осы Шарт бойынша сақтандырылған көлік құралына келтірілген залал тікелей немесе жанама жағдайда өтелмейді:

- 1) соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан әскери іс-қимылдардың;
- 2) мемлекеттік органдар, әскери қызметшілер, әскери міндеттілер, жалдамалы әскерлер, бітімгершілер жүргізетін кез келген арнайы операциялар, іс-шаралар, іс-қимылдар;
- 3) жаппай тәртіпсіздіктер, төңкерістер, конфронтациялар, толқулар, оккупациялар, интервенциялар, локауттар, ереуілдер, митингілер;
- 4) терроризмге қарсы операциялар;
- 5) бітімгершілік операциялар;
- 6) төтенше жағдай кезінде;
- 7) коменданттық ереже;
- 8) соғыс жағдайы;
- 9) жүріп-тұруды шектеу режимдері;
- 10) жаппай тонау, қарақшылық, ұрлық, бұзақылық орын алған жағдайларда.

13. Осы Шарт бойынша сақтандыру арқылы қорғау нәтижесінде туындаған залал немесе шығын өтелмейді:

- 1) Сақтандырылған мүлікті тәркілеу, мемлекет меншігіне алу, басып алу, ұстап қалу, тыйым салу, жою, кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе де - факто) немесе қоғамдық немесе жергілікті билік орындарының меншігіне беру, мемлекет меншігіне алу немесе пайдалану;
- 2) Қандай да бір өзге жағдайларға қарамастан, Шарт бойынша сақтандыру сақтандыру жағдайының белгісі бар оқиғаларға қолданылмайды, ал Сақтандырушы қандай да бір төлемдерді немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және сақтанушыға немесе өзге тұлғаға қандай да бір қызметтерді ұсынбайды, себебі мұндай қамту, төлем, төлем төлеу немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе басқа қызметі сауда немесе экономикалық санкциялар туралы кез-келген қолданыстағы заңнамалық немесе басқа нормативтік-құқықтық нормаларды бұзу болып табылады.

14. Осы арқылы Сақтанушы осы Шартты жасау сәтінде сақтандырылған көлік құралдарының толық жарамды күйде екенін және түпнұсқалық кілттердің, сақтандырылған көлік құралдарын басқарудың және іске қосудың электрондық пульттерінің толық жиынтықтары (өндіруші зауытының жинақтамасына сәйкес) бар екенін растайды.

3. ҚОСАРЛЫ САҚТАНДЫРУ

1. Қосарлы сақтандыру – бір объектіні бірнеше сақтандырушыларда әрқайсысымен жеке Шарттар бойынша сақтандыру.
2. Қосарлы сақтандыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының) алдында өзімен жасалған Сақтандыру шартының шегінде мүліктік жауапкершілікке ие болады, алайда Пайда алушымен барлық Сақтандырушылардан алынған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспайтын болады.
3. Қосарлы сақтандыру кезінде сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға басқа сақтандыру компанияларында сақтандыру төлемінің мәселесін реттеуге қатысты барлық мәліметтерді беруге міндетті, оның ішінде басқа сақтандыру компанияларынан алынған сақтандыру төлемдерінің мөлшерлері туралы мәліметтерді қоса.
4. Қосарлы сақтандыру кезінде Сақтандырушы басқа сақтандыру компанияларымен бірлесіп сақтандыру жағдайының белгілеріне не оқиғаның себептері мен жағдайларын анықтауға, сақтандыру жағдайының нәтижесінде келтірілген зияндардың мөлшеріне анықтауға құқылы.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылығы туралы ақпаратты талап етуге;

- 2) сақтандыру жағдайының басталуы кезінде сақтандыру төлемін алуға, егер ол берілген Шарт бойынша Пайда алушы болып табылатын болса;
- 3) осы Шартты басқа автомобиль көлігіне қайта ресімдеуге;
- 4) Сақтандырылушылардың тізіміне өзгертулер енгізуге. Сақтанушылар тізіміне өзгерістер енгізу үшін сақтанушы алдын ала, өзгерістердің болжамды күнінен кемінде 3 (үш) күн бұрын Сақтандырушыға жазбаша өтінішпен жүгінуге тиіс. Осы Шартқа сақтандырылғандар тізіміне өзгерістер жазбаша нысанда қосымша келісімдер жасасу жолымен ресімделеді;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделге өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға.

2. Сақтанушы міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болуы мүмкін залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар белгілі мән-жайлар туралы хабарлауға;
 - 2) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғайғаны туралы, сондай-ақ оған белгілі болған шарт жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер Шарттың қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер етуі мүмкін болса, дереу хабарлауға. Шарт жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы кез келген өзгерістер елеулі деп танылады;
 - 3) Автомобиль көлігін (мүлікті) сақтандыру шартының басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалатын барлық шарттары туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;
 - 4) сақтандыру сыйлықақыларын осы Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;
 - 5) осы Шарттың қолданылу кезеңінде Сақтандырушының сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы дереу хабардар етуге;
 - 6) Сақтандырылушыларға сақтандыру шарттарының шарттарын жеткізуге және оларды осы Шартпен таныстыруға;
 - 7) сақтандыру шарттарын орындауға (Сақтандырылушылардың сақтандыру шартының шарттарын бұзуы Сақтанушының өзінің сақтандыру шартының шарттарын бұзуы деп бағаланады);
 - 8) сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдары сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыны осы Шартта белгіленген мерзімдерде және тәртіппен хабардар етуге;
 - 9) сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды болғызбау немесе азайту бойынша барлық ықтимал және орынды шараларды қабылдауға;
 - 10) Сақтандырушыға өзінде бар барлық сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы айтуға мүмкіндік беретін ақпаратты беруге;
 - 11) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға суброгация тәртібімен талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге.
 - 12) сақтандыру төлемі келтірілген залалды толық көлемде өтемеген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру төлемін алған жағдайда Сақтанушының кінәлі тұлғадан залал құнын алуға құқығы жоқ, бұл жағдайда Сақтанушының кінәлі тұлғадан сақтандыру төлемі мен залал сомасы арасындағы жетіспейтін айырманы өндіріп алуға құқылы;
 - 13) осы Шарттың 4-бабы 2-тармағының 12) тармақшасы бұзылған жағдайда сақтандыру төлемінің сомасын қайтаруға және келтірілген залалдарды өтеуге;
 - 14) Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) Сақтанушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының) дербес деректерін, соның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауға және өңдеуге келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді одан әрі сақтау қажеттілігі өткенге дейін айқындайды және 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның немесе үшінші тұлғаның осы Шарттың және / немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауы мақсатында, сондай-ақ тұтастай Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін жүзеге асырылады;
 - 15) Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін растайды;
 - 16) Сақтанушы Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) дербес деректерді трансшекаралық беруге, сондай-ақ дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруді қоса алғанда, дербес деректердің жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға келісімді қоса алғанда, сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылушының (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне жазбаша келісімді талап етуге міндетті;
 - 17) Сақтанушы дербес деректерді трансшекаралық беруге және дербес деректердің жалпыға қолжетімді көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорларда және картотекаларда дербес деректерді таратуға келісімін болмаған жағдайларын қоса алғанда, Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылушының (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін болмауын қоса алғанда, Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімі болмағаны үшін жауапкершілікті көтереді;
 - 18) Деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды:
атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі);
субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) ;
дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім қолданылатын мерзім немесе кезең;
оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі немесе оның жоқтығы туралы мәліметтер;
дербес деректерді өңдеу процесінде оларды трансшекаралық берудің болуы немесе болмауы туралы мәліметтер;
дербес деректердің жалпыға қолжетімді көздерде таратылуы туралы мәліметтер;
дербес деректер субъектісімен байланысты жиналатын деректердің тізбесі;
 - 19) Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылушының (пайда алушының) Сақтанушының жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де дерекқорларда және картотекаларда, әлеуметтік желілерде, Интернет-ресурстарда, Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайда алушының мобильді қосымшаларында, сондай-ақ сақтанушының, мобильдік деректердің интернет-ресурстарында, мобильдік қосымшаларында сақталатын Сақтанушының, әлеуметтік желілерде, олардың серіктестерінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін растайды;
 - 20) Жол полициясының қызметкерлері сақтандыру жағдайын ресімдеген сәттен бастап 6 (алты) сағат ішінде мас болу (есірткілік, алкогольдік, уытқұмарлық және т. б.) мәніне медициналық куәландырудан өту, олай болмаған жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тартуды жүзеге асырады;
 - 21) Қосымша жабдықты орнату қажет болған кезде мұндай қондырғыны Сақтандырушымен алдын ала жазбаша келісу қажет және мұндай қондырғы тек мамандандырылған техникалық қызмет көрсету станциясында (ТҚС) жүзеге асырылады;
 - 22) сақтандыру жағдайынан кейін бүлінген автомобиль көлігін жөндеу жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандырушының сұратуы бойынша Сақтандырушының өкіліне автомобиль көлігін және автомобиль көлігінің дерекнамасына тиісті ақпаратты енгізу үшін барлық қажетті ақпаратты (жөндеуді растайтын құжаттарды) ұсынуға міндетті. Бұл міндетті орындамау келесі сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінен бас тартуға әкелуі мүмкін.
- ### 3. Сақтандырушы құқылы:
- 1) осы Шартты жасау кезінде сақтандырылатын автомобиль көлігін және мүлкін тексеріп қарауды жүргізуге, ал қажет болған жағдайда – оның нақты құнын анықтау мақсатында сараптаманы тағайындауға;
 - 2) Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) берілген ақпаратты және құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) берілген Шарттың талаптары мен шарттарын орындауды тексеруге;
 - 3) зақымданған автомобиль көлігін тексеріп қарауға қатысуға;

- 4) сақтандыру жағдайының белгілеріне ие себептер мен жағдайларды өз бетімен анықтауға, оның ішінде құзырлы органдарға сұраныстар жіберуге;
- 5) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылушыдан сақтандыру жағдайы фактысын, оның туындау жағдайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;
- 6) Сақтанушының немесе оның уәкілетті тұлғасының қаскөйлігі жағдайында, сондай-ақ Сақтанушымен берілген шарттың шарттарын орындамау кезінде немесе оқиғаны сақтандыру жағдайы ретінде мойындамау кезінде, бұл туралы Сақтанушыға (Сақтандырылушыға/Пайда алушыға) жазбаша хабарлай отырып, сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 7) тәуекелдің туындауына себін тигізетін жағдайлардың болуын кез келген уақытта тексеруге және инспекция жүргізуге;
- 8) тәуекел дәрежесі артқан жағдайда, осы Шарттың шарттарын өзгертуді немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын тәуекелдің артуына мөлшерлес төлеуді талап етуге;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға.

4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны сақтандыру шарттарымен таныстыруға;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Шартпен белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
- 3) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайы кезінде залалдарды азайту үшін жүзеге асырылған орынды және мақсатты шығындарын өтеуге;
- 4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 5) Сақтанушыға/Сақтандырылушыға құжаттарды алған күннен бастап 15 күн ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға;
- 6) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
 - Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдардың тізбесінде сақтанушының/ сақтандырылушының/ пайда алушының болуы;
 - сақтанушы/сақтандырылушы тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ сақтандырушының сұрауы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция АЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.
5. Осы баптың тараптарының құқықтары мен міндеттерінің тізбесі толық болып табылмайды, Тараптардың жекелеген құқықтары мен міндеттері осы Шарттың басқа баптарында көзделген және кеңейтілуі мүмкін.

5. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ КЕЗЕҢІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰЛҒАЮ САЛДАРЛАРЫ

1. Осы Шарттың қолданылу кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) өзіне белгілі болған, осы Шартты жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу жазбаша хабарлауға міндетті.
2. Кез келген жағдайда мынадай өзгерістер мен мән-жайлар елеулі деп танылады:
 - 1) автомобиль көлігін сақтандыру аумағынан тыс пайдалану;
 - 2) автомобиль көлігін жалгерлікке, лизингке, жалға, кепілге немесе басқалай ауыртпалық салуға тапсыру, автомобиль көлігінің сипатындағы елеулі өзгертулер, жол полициясының органдарында есептен шығару, қайта тіркеу;
 - 3) автомобиль көлігін сағу немесе басқасына ауыстыру, шанағын/ қозғалтқышын ауыстыру, қосымша жабдықты орнату;
 - 4) автомобиль көлігін пайдалану және сақтау сипаты мен мақсаттарына елеулі өзгертулер;
 - 5) сақтандырылған автомобиль көлігіне тіркеу құжаттарын, автомобиль көлігінің кілттерін, сигнал жабдығының басқару пультін, тіркеу (мемлекеттік) нөмірлерін (белгілерін) жоғалту, ұрлату немесе ауыстыру;
 - 6) осы Шартта келісімге келмеген тұлғаға автомобиль көлігіне билік ету (басқару) құқығын беру немесе сенімхаттар беру;
 - 7) қосарлы сақтандырудың болуы;
 - 8) көлік құралының ақаулығының болуы.
3. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы осы Шарттың шарттарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.
4. Егер Сақтанушы осы Шарттың шарттарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы шартты бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Сақтандырушының іс жүргізуге жұмсаған шығыстарын және сақтандыру қызметінен табыс салығын төлеуді ескере отырып, осы Шарттың 11-бабының 3-тармағында белгіленген мөлшерде сақтандыруды қорғаудың қалған мерзімі үшін қайтаруға құқығы бар.
5. Сақтанушы осы баптың 1-тармағында көзделген міндетті орындамаған жағдайда, Сақтандырушы осы шартты бұзуды және оның бұзылуынан келтірілген залалды өтеуді талап етуге немесе сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес азайтуға немесе сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.
6. Егер Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылса, Сақтандырушы осы шартты бұзуды талап етуге құқылы емес.

6. САҚТАНУШЫНЫҢ/САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ

1. Сақтандыру жағдайының белгілеріне ие және/немесе салдарынан сақтандыру жағдайы басталуы мүмкін оқиғаның басталуы кезінде, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталуы кезінде Сақтанушы міндетті:
 - 1) ықтимал шығындардың алдын алу немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда барлық ақылға қонымды және қол жетімді шараларды, оның ішінде зақымданған автомобиль көлігін құтқару және сақтау шараларын қабылдау (егер сақтандырушы нақты шаралар қабылдау туралы нұсқаулар хабарлаған болса, олар ұстануға тиіс);
 - 2) жол полициясы қызметкерлері сақтандыру жағдайын ресімдеген сәттен бастап 6 сағат ішінде белгіленген мас болу мәніне медициналық куәландырудан (сараптамадан) өту;
 - 3) медициналық органдарға дереу жүгіну және барлық зардап шеккендердің медициналық органдарына жүгіну;
 - 4) сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларына тексеру жүргізуге уәкілетті тиісті құзыретті органдарға жүгіну, атап айтқанда:
 - а) жол полициясы органдары-автомобиль көлігінің кез келген зақымдануы, сондай-ақ ЖКО нәтижесінде Сақтандырылушылардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген және үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығы мен мүлкіне зиян келтірілген жағдайда;
 - б) өртке қарсы қызмет органдары-өрт нәтижесінде туындаған зақымданулар жағдайында;
 - в) ПМ тергеу органдары - автомобиль көлігі ұрланған жағдайда;
 - г) қоршаған ортаның жай-күйін қадағалау мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган, - тиісті аумақта дүлей зілзалалардың салдарынан автомобиль көлігі зақымданған жағдайда, дүлей зілзалалардың туындау фактісін растайтын тиісті құжаттарды алу үшін;
 - мемлекеттік және өзге де құзыретті органдар оқиғаны құжаттамалық ресімдеу кезінде, оның ішінде жол-көлік оқиғасы кезінде жәрдем көрсету;
 - а) егер оларды анықтау мүмкіндігі болса, кінәлі тұлға мен куәлардың деректерін жазуды жүзеге асыруға;
 - б) жол-көлік оқиғасы болған кезде жол полициясы органдары ресімдейтін хаттамада автомобиль көлігінің барлық зақымдануларының көрсетілуін бақылауға;
 - в) жол полициясы қызметкерлерінің оқиға схемасын және автомобиль көліктерінің жүріс бөлігінде орналасу схемасын жасау кезінде қатысуға және көмектесуге, схемамен келіспеген жағдайда оған қол қою кезінде өз пікірін көрсетуге міндетті;
 - г) болған оқиғаның мән-жайын толық көрсете отырып, жол полициясы органдарына түсініктеме жазу;
 - д) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қол қою кезінде, жол полициясы органдары қызметкерлерінің шешімімен келіспеген

жағдайда хаттамада өз пікірін баяндауға;

5) залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті, ықтимал және ақылға қонымды шараларды қабылдау;

6) қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) тәуліктен кеш емес, демалыс және мереке күндерінен басқа, өзі білген сағаттан бастап, Сақтандырушыға немесе оның өкілетті өкіліне оқиғаның басталуы туралы хабарлау, оған оқиғаның жағдайлары, түрлері және келтірілген зиянның болжалды мөлшерлері туралы барлық белгілі мәліметтерді хабарлау, Сақтандырушымен ары қарайғы іс-әрекеттерді келісу, сондай-ақ Сақтандырушымен белгіленген нысан бойынша жазбаша өтінішті беру;

7) зақымданған автомобиль көлігін және/немесе мүлікті Сақтандырушымен тексеріп қарауға дейін сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде ол түскен күйде сақтау. Сақтанушы тигізілген залал көрінісін өзгерту құқығына ие болады, егер бұл қауіпсіздік тұрғысынан, залал мөлшерін азайту үшін қажет болса, немесе егер бұл үшін Сақтандырушының келісімі алынған болса;

8) Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді беру;

9) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының (оқиға) орнын және зақымданған автомобиль көлігін және/немесе мүлікті тексеріп қарау немесе зерттеу, залал себептері мен мөлшеріне қатысты тексеру, сақтандырылған автомобиль көлігін (мүлікті) құтқару және залалды азайту бойынша шараларға қатысу мүмкіндігін беру.

2. Сақтанушы Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттерді жүзеге асырмауға, сондай-ақ қандай да бір міндеттемелерді қабылдамауға; қандай да бір ұсыныстарды қабылдамауға; төлемдерді жүзеге асырмауға және Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз аталған сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір төлемдерді жасауға уәде бермеуге міндетті.

3. Залал туындаған жағдайда Сақтандырушы немесе оның өкілі Сақтанушының (Пайда алушының) қатысуымен бүлінген автомобиль көлігін қарап тексеруге және сақтандыру актісін (қарап тексеру актісін) жасауға міндетті. Тексеру құзыретті органдар (ішкі істер органдары, өрт қызметі және т.б.) өкілінің қатысуымен жүргізілуі мүмкін. Залал келтіруге жауапты тұлға анықталған кезде бүлінген автомобиль көлігін тексеру кезінде оның қатысуын немесе оның өкілінің болуын қамтамасыз ету шаралары қолданылуға тиіс. Бұл тұлға немесе оның өкілі келмеген жағдайда тексеру олар болмаған кезде жүргізіледі.

4. Сақтандырушының өкілі залал туралы Сақтанушыға хабарлауды күтпестен, зардап шеккен автомобиль көлігін тексеруге кірісуге құқылы. Сақтанушының оған бұған кедергі жасауға құқығы жоқ.

5. Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса, Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлар ету және ықтимал шығындардың алдын алу немесе азайту үшін қалыптасқан мән-жайларда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды, оның ішінде сақтандырылған автомобиль көлігін құтқару және сақтау шараларын қабылдау міндеті Сақтандырылушыға жүктеледі.

6. Пайда алушы Сақтанушының немесе Сақтандырылушының сақтандыру жағдайы орын алғаны немесе жасамасағанына қарамастан, барлық жағдайларда Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы орын алғаны туралы хабарлауға құқылы.

7. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгіленген мерзімде хабардар еспеу оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.

7. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАР МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

1. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оларға келтірілген зиянды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.

2. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) құжаттамалық түрде дәлелдеуге міндетті:

- сақтандырылған автомобиль көлігіне (мүлікке) өзінің мүддесін;

- сақтандыру жағдайының болуын;

- келтірілген зияндар мөлшерін.

3. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруі тиіс:

1) жеке тұлғасын куәландыру және сақтандыру төлемін алу шарттарын сақтау үшін:

Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуы туралы оқиғаның өтініші; берілген шарттың көшірмесі; өтініш берушінің жеке куәлігі; жеке тұлғаны жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы куәлік (егер Сақтанушы жеке тұлға болып табылатын болса және жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын болса); сақтандыру компаниясында істі жүргізу және сақтандыру төлемін алу құқығына сенімхат (заңды тұлға үшін немесе Пайда алушының мүддесінде өкілдік ету жағдайында);

2) сақтандырылған автомобиль көлігін (мүлік) сақтауға мүдделілікті дәлелдеу үшін:

сақтандырылған автомобиль көлігін иелену құқығын растайтын құжаттар (көлік құралын тіркеу туралы куәлік; автокөлік құралын басқару құқығына сенімхат немесе сақтандыру жағдайы басталған кезде автомобиль көлігін басқарған тұлғаның жол парағы; сақтандыру жағдайы басталған кезде автомобиль көлігін басқарған тұлғаның жүргізуші куәлігінің көшірмесі; сақтандыру жағдайы басталған кезде автомобиль көлігін басқарған тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі; егер автомобиль көлігі жалдау шартына сәйкес пайдаланылса, жалдау шартының көшірмесі; меншік иесінің атынан автомобиль көлігін (мүлікті) иелену, пайдалану және/немесе оған билік ету құқығын растайтын өзге де құжаттың көшірмесі; және т. б.);

3) сақтандыру жағдайының болуын дәлелдеу үшін:

а) жол-көлік оқиғасы кезінде:

жол-көлік оқиғасы туралы хаттаманың, және оның қосымшасының көшірмесі; оқиға орнын тексеріп қарау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулының, жол-көлік оқиғасының қатысушыларының медициналық куәландыру анықтамаларының көшірмелері; сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын жол полициясы органдарымен және құқық қорғау органдарымен (тергеу, сот және т.б.) жасалған, немесе сақтандыру жағдайының басталу фактысын растайтын басқа құжаттар;

б) үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері кезінде:

оқиға орнын тексеріп қарау хаттамасының және қылмыстық істі қозғау туралы (немесе қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы) қаулының көшірмелері, іс жүргізуді тоқтату туралы қаулының көшірмесі (автомобиль көлігін айдап әкету немесе ұрлау кезінде); айыпталушы ретінде тарту туралы қаулының көшірмесі (құқыққа қайшы әрекеттерді жүзеге асырған тұлғаны анықтау кезінде); кінәлі тұлғаларға қатысты соттың үкімі (немесе істі тоқтату туралы қаулы, егер қылмысты жасауға кінәлі тұлғалар анықталмаған болса); сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдармен (комиссиялармен) жасалған, немесе сақтандыру жағдайының басталу фактысын растайтын басқа құжаттар; ал автомобиль көлігін айдап әкету немесе ұрлау кезінде ұрланған (айдап әкетілген) автомобиль көлігінің түпнұсқалық кілттерінің қосымша толық жиынтықтары; сақтандырылған автомобиль көлігі жабдықталған басқару пультінің, салпыншақтарының, картоқаларының, белсенді және белсенді емес активаторларының барлық электронды және электронды-механикалық айдап әкетуге қарсы жүйелерінің, механикалық айдап әкетуге қарсы құрылғылардың барлық кілттерінің толық жиынтықтары;

в) дүлей апаттар кезінде:

сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын құзырлы органдармен, мемлекеттік комиссиялармен, гидрометеорологиялық қызметтердің аумақтық бөлімшелерімен жасалған, немесе сақтандыру жағдайының басталу фактысын растайтын актілер, қорытындылар, басқа құжаттар;

г) басқа күтпеген оқиғалар кезінде:

өртке қарсы және құқық қорғау органдарының актілерінің, өрт-техникалық сараптама қорытындыларының, жол-көлік оқиғасы туралы хаттаманың, және оған қосымшаның көшірмелері; оқиға орнын тексеріп қарау хаттамасының көшірмесі; сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдармен (комиссиялармен) жасалған, немесе сақтандыру жағдайының басталу фактысын растайтын басқа құжаттар;

д) жеңіл алынатын бөлшектерді ұрлау кезінде:

оқиға болған жерді қарап тексеру хаттамасының және қылмыстық іс қозғау туралы (не қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы) қаулының

көшірмелері, іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы қаулының көшірмесі; айыпталушы ретінде тарту туралы қаулының көшірмесі (құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасаған адам анықталған кезде); кінәлі адамдарға қатысты сот үкімі (не егер адам қылмыстық іс қозғаудан бас тартса, істі тоқтату туралы қаулы. қылмыс жасағаны үшін кінәлілер анықталған жоқ); сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, сыныптауды және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын өзге де құжаттар;

4) келтірілген залалдардың мөлшерін дәлелдеу үшін:

Сақтандырушының жолдамасына сәйкес тәуелсіз сараптамалық (бағалау) ұйымдардың қорытындылары.

4. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) автомобиль көлігін сақтауға, сақтандыру жағдайының басталуына мүдделілікті және келтірілген залалдардың мөлшерін растайтын өзге де дәлелдемелер ұсынуға құқылы.

5. Жеке жағдайларда Сақтандырушы берілген баптың 3-тармағында көрсетілмеген құжаттарды талап етуге құқылы болады, егер олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактысын анықтауды және залал мөлшерін анықтауды мүмкін етпейтін немесе сақтандыру жағдайы туралы қосымша мәліметтерді алу талап етілетін болса.

6. Сақтандырушымен сақтандыру жағдайының белгісіне оқиғаның басталуы туралы өтінішті, және тиісті құжаттарды алу фактысы Сақтандырушының уәкілетті қызметкерінің немесе өкілінің қолхатымен расталады.

7. Орын алған оқиға туралы толық ақпаратты алу мақсатында Сақтандырушы құзырлы органдардан (ішкі істер, өртті қадағалау органдарынан, апаттық-техникалық қызметтерде, газ желісінің апаттық қызметтерінен), оқиғаның басталу жағдайлары туралы ақпаратқа ие кәсіпорындардан, мекемелерден және ұйымдардан мәліметтерді сұратуға, сондай-ақ оның туындау жағдайлары мен себептерін өз бетімен анықтауға құқылы.

8. Оқиғаның басталу себептерін және залал мөлшерін анықтау бойынша жұмыстар қажеттілігіне қарай Сақтандырушының тапсырмасы бойынша тәуелсіз сарапшылармен, бағалаушылармен, апаттық комиссарлармен орындалуы мүмкін.

8. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

1. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының белгілеріне ие оқиғаның басталуы туралы жазбаша өтінішті алғаннан кейін, сондай-ақ сақтандыру төлемі үшін барлық қажетті құжаттарды бергеннен кейін, Сақтандырушы келесі іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

1) сақтандыру жағдайының белгілеріне ие оқиғаның басталу фактысын анықтайды; Сақтанушының өтінішінде берілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді; сақтандырылған автомобиль көлігін (мүлікті) сақтауда Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) мүддесінің болуын тексереді; салдарынан зиян келтірілген оқиғаның туындау фактысы мен себептерін анықтайды; сарапшыларды, апаттық комиссарларды тарту қажеттілігін анықтайды; басқа да әрекеттерді жүзеге асырады;

2) оқиғаны сақтандыру жағдайы ретінде мойындау кезінде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтайды, сақтандыру жағдайы туралы актіні жасайды.

2. Сақтандыру төлемі Сақтанушымен (Сақтандырылушымен, Пайда алушымен) ұсынылған, берілген Шарттың 7-бабында көрсетілген құжаттардың, сондай-ақ қажетті құжаттарды бергеннен кейін Сақтандырушымен немесе оның өкілімен жасалған сақтандыру жағдайы туралы актінің негізінде Сақтандырушымен жүзеге асырылады.

3. Сақтандыру төлемі Сақтандырушымен Пайда алушыға сақтандыру сомасының шегінде жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының басталу нәтижесінде Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) шеккен нақты залал мөлшерінен аспайды.

4. Сақтандыру төлемі әрбір сақтандырылған объект бойынша, осы Шартпен анықталған шарт қойылмайтын франшизаны және сақтандыру сомасын ескере отырып, келесі тәртіпте жүзеге асырылады:

1) егер берілген Шартта сақтандыру сомасы сақтандырылған автомобиль көлігінің (мүлкінің) нақты құнының мөлшерінде анықталатын болса, сақтандыру төлемі нақты залал мөлшерінде жүзеге асырылады, бірақ сақтандыру сомасының шегінде, берілген тармақтың 3) – 5) тармақшаларын есепке алып;

2) егер берілген Шартта сақтандыру сомасы осы Шартты жасау сәтіне сақтандырылған автомобиль көлігінің (мүлкінің) нақты құнынан төмен анықталған болса, сақтандыру төлемінің мөлшері автомобиль көлігінің (мүлкінің) нақты құнына сақтандыру сомасының қатысына пропорционал анықталады, бірақ сақтандыру сомасының шегінде, берілген тармақтың 3) - 5) тармақшаларын ескере отырып. Сақтандыру төлемінің мөлшері (СВ) аталған жағдайда келесі формула бойынша анықталады: $СВ = У \times С/СИ$, мұнда: У – нақты залал мөлшері; С – сақтандыру сомасы; СИ - автомобиль көлігінің (мүлкінің) сақтандыру құны;

3) егер берілген тармақтың 1) немесе 2) тармақшаларында анықталған сақтандыру төлемі осы Шартпен белгіленген франшизаның мөлшерінен аспайтын болса, сақтандыру төлемі төленбейді;

4) егер берілген тармақтың 1) немесе 2) тармақшаларында анықталған сақтандыру төлемі осы Шартпен белгіленген франшизаның мөлшерінен асатын болса, сақтандыру төлемі осы Шартпен белгіленген шартсыз франшиза мөлшерін шегере отырып, жүзеге асырылады;

5) егер берілген тармақтың 1) немесе 2) тармақшаларында анықталған сақтандыру төлемі осы Шартпен белгіленген шарт қойылатын франшизаның мөлшерінен асатын болса, сақтандыру төлемі берілген тармақтың 1) немесе 2) тармақшаларына сәйкес анықталған мөлшерде, франшизаны шегерусіз жүзеге асырылады;

6) егер осы Шартта франшиза белгіленбеген болса, сақтандыру төлемі осы тармақтың 1) немесе 2) тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылады;

7) Сақтандырылушының орын алған ЖКО-да кінәсі болмаған жағдайда, сақтандыру төлемі сақтандырылған көлік құралы ішінара зақымданған кезде кез келген және әрбір сақтандыру жағдайы бойынша шарт қойылмайтын франшиза туралы шартты қолданбай жүзеге асырылады. Бұл ретте Сақтандырылушы сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға суброгация тәртібімен талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

5. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы немесе Пайда алушы) залал келтіру үшін жауапты тұлғалардан өтеуді алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін келтірілген нақты залал мен аталған тұлғадан алынған өтеудің арасындағы айырмашылық мөлшерінде жүзеге асырады, берілген тармаққа сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшері осы баптың 4-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшерінен аспауы шартымен.

6. Егер осы баптың 4-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшері осы баптың 4-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшерінен аспайтын болса, онда сақтандыру төлемі берілген баптың 4-тармағына сәйес есептелген мөлшерде жүзеге асырылады.

7. Егер сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Сақтанушы (Сақтандырылушы немесе Пайда алушы) келтірілген зиян үшін жауапты тұлғадан өтеуді алған болса, ол берілген баптың 4 – 6 тармақтарына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің бөлігіне ғана құқыққа ие болады, осымен байланысты Сақтандырушы сақтандыру төлемінің артық төленген сомасын қайтаруды талап етуге құқылы, ал зиян келтіргені үшін жауапты тұлғадан өтеуді алған Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) Сақтандырушыға алынған соманың артығын қайтаруға міндетті.

8. Нақты залал мөлшері анықталады:

1) **КҚ толық жойылған, құртылған, айдап әкетілген (ұрланған) кезде** - франшизаны ескере отырып және пайдалануға және өткізуге жарамды қолда бар қалдықтарды шегере отырып (осы Шарттың қолданылу кезеңіндегі тозуды ескере отырып), сақтандыру жағдайы басталған күнгі нақты құн мөлшерінде, бірақ осы Шарт бойынша КҚ-ның сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде. Егер КҚ-ны жөндеу техникалық тұрғыдан негізделмеген немесе экономикалық тұрғыдан орынсыз болса, автомобиль көлігінің толық қаза табуы (жойылуы) болып саналады. Егер КҚ жөндеуге (қалпына келтіруге) жұмсалатын шығындар КҚ нақты құнының 80% - ынан асатын болса, жөндеу техникалық тұрғыдан орынсыз болып саналады. КҚ зақымдануы әрбір объект бойынша жеке анықталады: бағалаушының есебі негізінде немесе

2) **ішінара зақымданған кезде** - егер автомобиль көлігі жөндөлмесе (қалпына келтірілмесе), оны жөндеуге немесе қалпына келтіруге жұмсалған шығындар мөлшерінде не құнның тиісті бөлігі мөлшерінде белгіленеді. Жөндеуге, қалпына келтіруге арналған шығындардың мөлшері немесе құнның тиісті бөлігінің мөлшері сақтандырушы айқындаған тәуелсіз бағалаушының есебі негізінде белгіленеді. Жөндеуге (қалпына келтіруге) арналған шығындарда амортизациялық тозуды ескере отырып, жөндеуге арналған материалдар мен қосалқы бөлшектерді сатып алуға, сондай-ақ жөндеу жүргізу жөніндегі жұмыстарға ақы төлеуге арналған шығыстар ескеріледі. Жөндеуге (қалпына келтіруге)

жұмсалған шығындардан жөндеу процесінде ауыстырылатын жекелеген бөліктердің (бөлшектердің, тораптардың, агрегаттардың және т.б.) қалдық құны шегеріледі.

9. Жөндеу-қалпына келтіру шығыстары жөндеуге арналған материалдарға арналған шығыстарды, жөндеу бойынша жұмыстарға ақы төлеуге арналған шығыстарды және сақтандырылған автомобиль көлігін (мүлкін) сақтандыру жағдайы басталғанға дейін болған жай-күйіне қалпына келтіру үшін қажетті басқа да шығыстарды қамтиды. Егер зақымданған бөлшектерді (бөлшектерді, тораптарды, агрегаттарды және т.б.) ауыстыру жүргізілсе, сақтандырылған автомобиль көлігіне (мүлкіне) қауіпсіздік қатерінсіз оларды жөндеу мүмкін болғанына қарамастан, сақтандырушы сақтанушыға (сақтандырылушыға, пайда алушыға) осы бөлшектерді жөндеу құнын, бірақ оларды ауыстыру құнынан асырмай өтейді. Жөндеу-қалпына келтіру шығыстары сомасынан жөндеу процесінде ауыстырылатын бөлшектердің (бөлшектердің, тораптардың, агрегаттардың және т.б.) тозуына шегерімдер жүргізіледі.

10. Егер зақымданған автомобиль көлігін жөндеу процесінде сақтандыру жағдайы нәтижесінде пайда болған жасырын ақаулар табылса, онда Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) осы ақаулар жойылған кезге дейін жөндеу жұмыстарын тоқтата тұруға, жасырын ақаулардың табылғаны туралы Сақтандырушыға хабарлауға, автомобиль көлігін тексеру жүргізілетін орынды, күнді және уақытты Сақтандырушының өкілімен келісуге және Сақтандырушыға қосымша сақтандыру төлемі туралы жазбаша өтінішті жіберуге міндетті.

11. Егер автомобиль көлігін қарап тексеру нәтижесінде Сақтандырушының өкілі немесе сарапшы табылған жасырын ақаулар сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде туындағанын анықтаса, онда Сақтандырушы жасырын ақаулардан туындаған залалдың шамасын айқындайды және осы шартта айқындалатын тәртіппен қосымша сақтандыру төлемін жүргізеді.

12. Жұмыстарды жүргізудің жеделдігімен, автомобиль көлігінің (мүлкінің) бұрынғы жай-күйін жетілдірумен немесе өзгертумен туындаған қосымша шығындар және осы сақтандыру жағдайымен шартталмаған басқа да нақты залал сомасына қосылмайды және сақтандырумен өтелмейді.

13. Нақты залалдың мөлшерін айқындау кезінде есепке алынбайды және сақтандырумен өтелмейді:

- 1) автомобиль көлігіне техникалық және кепілдікті қызмет көрсету шығындары;
- 2) автомобиль көлігін қайта құрылымдаумен және қайта жабдықтаумен, жеке бөліктерін, бөлшектерін және тораптарын олардың тозуының, техникалық ақауының салдарынан және сақтандыру жағдайына қатысты емес басқа себептер бойынша жөндеумен немесе ауыстырумен байланысты шығындар;
- 3) зақымдануы сақтандыру жағдайынан болмаған автомобиль көлігінің (мүлкінің) бөліктерін (бөлшектерін) жөндеу немесе ауыстыру құны;
- 4) болмауы қаралатын сақтандыру жағдайына тікелей қатысы жоқ бөлшектердің (бөлшектердің, агрегаттардың және т.б.) құны.
- 5) автомобиль көлігін тасымалдауға арналған шығындар (егер осы Шартта Эвакуатор опциясы көзделмесе);
- 6) жасырын ақауларды қоспағанда, құзыретті органдардың құжаттарында зақымдалған ретінде көрсетілмеген автомобиль көлігінің зақымдалған бөліктерін (бөлшектерін және т. б.) жөндеуге арналған шығындар;
- 7) зақымданған автомобиль көлігін жөндеуді жүзеге асыратын ТҚС-да қажетті қосалқы бөлшектер мен бөлшектердің болмауына байланысты автомобиль көлігінің тораптарын, агрегаттарын жинақтау ауыстыру (жөндеудің орнына);
- 8) нормативтен тыс тарифтерді, бағалар мен коэффициенттерді қолдануға байланысты шығыстар;
- 9) КҚ-ны жөндеуді жүзеге асыру орнына көшіруге /немесе жеткізуге байланысты шығыстар;
- 10) өтініш-сауалнамаға немесе өзге де құжаттарға сәйкес сақтандыру күнінде орын алған зақымдануға жұмсалған шығындар сомасы өтелмейді;
- 11) сақтандырылған автомобиль көлігі (мүлік) құнының өсуіне әкелетін өзге де шығыстар жатады.

14. Сақтанушы (Сақтандырылушы немесе Пайда алушы) автомобиль көлігін (мүлікті) айдап әкету немесе ұрлау жағдайында сақтандыру төлемін алу кезінде Сақтандырушымен шарт жасауға міндетті, оған сәйкес:

- а) айдап әкетілген (ұрланған) автомобиль көлігін (мүлікті) анықтау жағдайында автомобиль көлігінің (мүліктің) Меншік иесі табылған автомобиль көлігіне (мүлікке) меншік құқын Сақтандырушының пайдасына ресімдеу міндеттемесін өзіне қабылдайды. Бұл ретте шарт бойынша Тараптар меншік құқын Сақтандырушының пайдасына тапсыруды ресімдеумен байланысты шығындарды теңдей көтеретін болады;
- б) меншік иесімен берілген тармақтың а) тармақшасында көрсетілген міндеттемелерді орындамауы жағдайында, немесе тараптардың келісімі бойынша Сақтанушы (Сақтандырылушы немесе Пайда алушы) Сақтандырушыға автомобиль көлігін (мүлікті) табу күнінен бастап 10 күн ішінде алынған сақтандыру төлемін қайтаруға және табылған автомобиль көлігінің күтімімен байланысты (егер оны Меншік иесіне тапсыруға дейін Сақтандырушы күтіп ұстаған болса) шығындарды өтеуге міндетті, жоғалған агрегаттарының, бөлшектерінің, жүйелерінің, тораптарының, автомобиль көлігінің (мүліктің) конструкциясының құрылғылары мен элементтерінің құнын, сондай-ақ ұрлаумен байланысты, автомобиль көлігін (мүлікті) сақтандыру жағдайының сәтіндегі күйге келтіру немесе жөндеу шығындарды шегере отырып.

15. Осы баптың 14-тармағына сәйкес шарт жасау автомобиль көлігін айдап әкету (ұрлау) жағдайында сақтандыру төлемі үшін қажетті шарт болып табылады.

16. Автомобиль көлігі қайтыс болған жағдайда тараптардың келісімі бойынша Сақтандырушы сақтандыру төлемінің орнына залалды заттай нысанда өтей алады, яғни қаза тапқан автомобиль көлігінің орнына осындай автомобиль көлігін бере алады. Сондай маркалы, модельдегі және сондай жылы шығарылған автомобиль көлігі ұқсас болып табылады.

17. Сақтанушының (Сақтандырылушының) шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын, егер мұндай шығыстар қажет болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалса, тіпті тиісті шаралар сәтсіз болса да, Сақтандырушы өтеуге тиіс. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстар өтемінің жалпы сомасы осы Шартта көзделген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер шығыстар Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан, толық мөлшерде өтеледі.

18. Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылушының) ықтимал шығындарды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қасақана қабылдамауы салдарынан туындаған шығындар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

19. Егер сақтанушы (Сақтандырылушы немесе Пайда алушы) осы Шарттың 7-бабында көрсетілген құжаттарды ұсынбаса немесе залалдың басталу мән-жайлары мен оның мөлшеріне қатысты көрінеу жалған мәліметтерді ұсынса немесе осы баптың 14-тармағына сәйкес шарт жасаспаса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

20. Сақтандырушының сақтандыру төлемі тиісті көлік құралының нарықтық құны мөлшерінде (осы көлік құралының бүкіл құнына немесе тиісінше оның бөлігінің, оның бөлшектерінің, осы мүліктің жиынтықтаушы бөлігінің бүкіл құнына) сақтандыру жағдайы басталған күнге жүзеге асырылған жағдайда көлік құралына (тұтастай немесе оның бөліктері, оның бөлшектері, жиынтықтаушы бөліктері) немесе оның қалдықтарына құқығы бар. Бұл жағдайда меншік иесі және/немесе Сақтанушы/Сақтандырылушы/Пайда алушы Сақтандырушыға абандонның жазбаша өтінішін (зардап шеккен / жоғалған көлік құралына немесе оның бір бөлігіне тиісінше Сақтандырушының пайдасына мүліктік құқықтардан бас тарту) беруге міндетті, оның негізінде сақтандырушы аталған көлік құралының (оның бір бөлігінің) немесе оның кез келген қалдықтарының меншік иесі болу құқығын алады, сонымен қатар сақтандырушымен бірге жазбаша барлық құқық белгілейтін құжаттарды беру арқылы, олай болмаған жағдайда Сақтанушы Сақтандырушы жүзеге асырған сақтандыру төлемін сақтандырушыға толық көлемде қайтаруға тиіс.

21. Осы Шартқа сәйкес мамандандырылған ТҚС шотына сәйкес залал мөлшерін айқындау қолданылмайды, өйткені Сақтанушы тәуелсіз бағалаушының бағалау туралы есебіне сәйкес сақтандыру тарифін – залалды таңдаған.

9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТARTУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ

1. Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы не сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) жазбаша нысанда хабарлайды. Егер Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін негіздеп дәлелдейді.

2. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін сақтандыру төлемі туралы шешім шығарылғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде не тараптардың келісімі бойынша айқындалған мерзімде жүзеге асырады.
3. Сақтандыру төлемін уақытылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапкершілікті көтереді.
4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуына Сақтанушы, Сақтандырылушы немесе Пайда алушы сотқа шағымдана алады.
5. Сақтандырушы Сақтанушыға, егер сақтандыру жағдайы сақтандыру жағдайының салдарынан орын алса, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:
 - 1) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
 - 2) заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының іс-әрекеттері.
6. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін мыналар да негіз болуы мүмкін:
 - 1) Сақтанушының / Сақтандырылушының автомобиль көлігін каршеринг үшін пайдалануы;
 - 2) Сақтанушының/Сақтандырылушының автомобиль көлігін автобус паркінің, автобазалардың, автошаруашылықтардың, коммуналдық қызметтердің, тамақ өнімдерін жеткізу қызметтерінің және т.б., сондай-ақ такси ретінде пайдалануы.
 - 3) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
 - 4) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған залалдарды азайту жөнінде шараларды қасақана қолданбауы;
 - 5) Сақтанушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан шығынның тиісті өтемін алуы;
 - 6) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруде және оған келтірілген залалдың мөлшерін белгілеуде кедергі келтіруі;
 - 7) егер сақтандыру жағдайы сақтанушының еркінен тыс себептерге немесе дәлелді себептерге³ байланысты болса және Сақтанушы осы фактіні растайтын құжаттарды ұсынған жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар етпеу немесе уақытылы хабардар етпеу;
 - 8) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының Сақтанушысына өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;
 - 9) осы Шартта көрсетілген өзге де жағдайлар.
7. Сақтандырушыны осы баптың 5-6 - тармақтарында көзделген оның заңсыз әрекеттері себептері бойынша Сақтанушы алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен босату бір мезгілде Сақтандырушыны Сақтандырылушыға немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатады.
8. Егер құқық қорғау органдары Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) немесе оның отбасы мүшелеріне қарсы қылмыстық іс қозғаса және залалдың басталуына әкеп соққан мән-жайларға тергеп-тексеру жүргізілсе не құзыретті органдарда сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздің болуын болжайтын материалдар болса, Сақтандырушының Сақтанушыны (Сақтандырылушыны, Пайда алушыны) кешіктіру себептері туралы хабардар ете отырып, сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау мерзімін тергеп-тексеру немесе сот талқылауы аяқталғанға дейін жазбаша түрде кейінге қалдыруға құқығы бар.
9. Егер Сақтандырушыда сақтандыру жағдайының немесе шығындар мөлшерін растайтын құжаттардың түпнұсқалығына дәлелді күмән болған жағдайда, мұндай құжаттардың түпнұсқалығы расталғанға дейін сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқығы бар.
10. Тараптардың келісімі бойынша ірі тәуекелдер қайта сақтандырылған жағдайда сақтандыру төлемінің мерзімі неғұрлым кешірек күнге ауыстырылуы мүмкін.

10. САҚТАНУШЫНЫҢ ЗАЛАЛДАРДЫ ӨТЕУ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАНДЫРУШЫҒА АУЫСУЫ (СУБРАГАЦИЯ)

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлға Сақтанушы (Сақтандырылушы) ие болатын талап ету құқы ауысады.
2. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру төлемін алу кезінде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттарды және дәлелдемелерді тапсыруға, және оған Сақтандырушымен өзіне ауысқан талап ету құқықтарын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
3. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушымен өтелген залалдар үшін жауапты тұлға өзінің талап ету құқынан бас тартқан болса, немесе бұл құқықты Сақтанушының (Сақтандырылушының) кінәсінен жүзеге асыру мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толығымен немесе тиісті бөлігінде босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы болады.

11. ШАРТТЫ ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

1. Осы Шарт мынадай жағдайларда өз қолданысын тоқтатады:
 - 1) осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанда;
 - 2) заңды тұлға болып табылатын сақтанушы таратылған немесе, егер сақтандырылушы Сақтанушының сақтандыру жарналарын төлеу жөніндегі міндеттерін өзіне қабылдамаса, жеке тұлға болып табылатын сақтанушы қайтыс болған жағдайда;
 - 3) Сақтандырушыны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тарату;
 - 4) сот осы шартты жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдаған жағдайларда тоқтатылады;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де жағдайларда тоқтатылады.
2. Тараптар сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.
3. Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 841-бабының 1-тармағында көзделген мән-жайлар бойынша шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде шартты тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жайлар туындаған кезден бастап шарт тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап екінші тарапты дереу хабардар етуге тиіс. Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 841-бабының 1-тармағында көзделген мән-жайлар бойынша шарт бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысын қайтару осы шарт қолданылған тиісті кезеңге бара-бар сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігі шегеріле отырып, және Сақтандырушының осы Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысы сомасының 40% мөлшерінде істі жүргізуге арналған шығыстары шегеріле отырып жүргізіледі.
4. Сақтанушының сақтандыру шартынан бас тартуына байланысты немесе Сақтанушының (қарыз алушының) қарыз шарты бойынша қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерін орындауы себебінен сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтанушыға шарт бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысын қайтару тәртібі Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 842-бабының 2-тармағында айқындалады, бұл ретте Сақтанушының Сақтандырушыға жазбаша өтініш берген күні шартты тоқтату күні болып табылады.
5. Қарыз шарты жарамсыз деп танылған жағдайда немесе Сақтанушының қарыз алудан бас тартуы себебі бойынша қарыз шарты жасалған күнінен бастап бұзылған кезде осы Шарт жасалған күнінен бастап бұзылады, бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде, 30 жұмыс күні ішінде мынадай деректемелерге қайтаруды жүзеге асырады:
Банктің атауы: «Еуразиялық банк» АҚ
ЖСК: KZ4394800KZT2860D218

³ Дәлелді себептер- Сақтанушының/Сақтандырылушының қайтыс болуы, Сақтанушыға/Сақтандырылушыға медициналық мекемеге жатқызыла отырып, стационарлық медициналық көмек көрсетілді.

БСК: EURIKZKA.

6. Сақтанушы осы Шарттан бас тартқан кезде, егер бұл Шарттың осы бабының 3-5-тармақтарында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.
7. Осы Шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарының орындалмауынан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.
8. Осы Шарт кез келген негіз бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, егер осы Шарт бойынша кез келген мөлшерде сақтандыру төлемі жүзеге асырылған болса-сақтандыру сыйлықақысы және/немесе оның бір бөлігі қайтарылуға жатпайды.

12. ШАРТТЫҢ ШАРТТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу тараптардың біреуінің жазбаша өтініші (хабарламасы) негізінде тараптардың өзара келісімі бойынша жүргізіледі.
2. Егер қандай да бір тарап осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келіспесе, бес күн мерзімде осы Шартты бұрынғы шарттарда жалғастыру туралы немесе осы Шартты тоқтату туралы мәселені шешіледі.
3. Тараптардың бірі өтінішті алған кезден бастап осы баптың 1 және 2-тармақтарынан туындайтын шешім қабылданған кезге дейін Шарт бұрынғы талаптарда қолданылады.
4. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда қосымша келісімдер жасау жолымен ресімделеді.

13. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

1. Осы Шарт бойынша Тараптар арасында туындайтын барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі.
2. Тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттың шешуіне беріледі.

14. ӨЗГЕ ШАРТТАР

1. Тараптар ынтымақтастық нәтижесінде алынған құпия ақпаратты жария етпеуге тиіс.
2. Сақтанушы толтырған өтініш-сауалнама осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Егер өтініш-сауалнамада шындыққа сәйкес келмейтін деректер мен ақпарат берілсе, онда осы Шарт жасалмаған деп танылады және төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.
3. Сақтанушы анық емес мәліметтерді ұсыну, атап айтқанда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе осы шартты жарамсыз деп тану салдарымен келісетіндігін және ескертілгендігін растайды.
4. Сақтанушы осы Шарттың барлық шарттарымен танысқанын, осы Шарттың әрбір парағын оқығанын және онымен келісетінін растайды.
5. Сақтанушы өтініш-сауалнамаға жауаптар болмаған жағдайда Сақтандырушының тиісті бос, толтырылмаған жолдарын өз пайдасына түсіндіретіндігімен келіседі және растайды (мысалы, егер күзет туралы белгі жоқ болса – күзеттің бар екендігі түйінделеді (ал егер күзет болмаса, Сақтанушының қасақана жалған мәліметті бергені түйінделеді), егер өткен жылдардың және айлардың шығындары туралы ұяшық бос болатын болса, шығындардың болмағаны түйінделеді, ал егер болған болса, Сақтанушының қасақана жалған мәлімет бергені түйінделеді және т.б.) және Сақтанушының жарамсыз ақпаратты жасыру үшін қасақана жалған мәліметтерді бергенін түйіндейді.
6. Осы Шартпен реттелмеген барлық өзге мәселелер бойынша Тараптар ҚР заңнамасын басшылыққа алуға міндеттенеді.
7. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тіліндегі 3 (үш) данада жасалды. Осы Шарттың мәтіндері арасында әртүрлі оқылулар туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.
8. Осы Шартқа қол қоя отырып, мен Сақтандырушыдан кез келген ақпаратты, оның ішінде сақтандыру қызметтері бойынша жарнамалық өнімді кез келген нысанда (жазбаша, электрондық, смс хабарламалар және т. б.) алуға келісімді беремін.
9. Сақтанушы осы Шартқа қол қоя отырып, тәуекелдерді болдырмауда және сақтандыру жағдайының туындауына жол бермеуде сақтандыру мүддесінің бар екенін растайды.
10. Сақтанушы, Сақтандырылушы, Пайда алушы осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бере алмайды.
11. Сақтанушы Сақтандырылушының(лардың) осы Шартты жасауға келісімін алғанын растайды.
12. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша бөліп-бөліп төлеу ұсынылған және Сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін күнтізбелік 5 (бес) күннен артық кешіктіруге жол берген жағдайда, осы Шартта көрсетілген төлемдер кестесіне сәйкес Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының сомасын сот тәртібімен бүкіл кезең үшін толық көлемде өндіріп алуға құқылы.
13. Сақтанушы Сақтандырушының атынан қол қою ретінде факсимильдік құралдарды (қолды факсимильдік/электрондық көшіру), сондай-ақ Сақтандырушының мөрін электрондық көшіру кезінде осы Шартты жасау мүмкіндігімен келіседі және мұндай Шартты Тараптар түпнұсқа деп таниды.
14. Сақтандыру агенті және комиссиялық сыйақы бойынша ақпарат.
Атауы: «Еуразиялық банк» АҚ, БСН 950240000112, Тел.: +7 (727) 259 79 00. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050002, Қонаев к-сі, 56. Шарт бойынша комиссиялық сыйақы: К=0,4. Мұндағы К-СП коэффициенті, СП - сақтандыру сыйлықақысы.

15. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

1. Сақтандырушы да, оның кез келген жұмыскері де немесе өкілі Сақтанушының кез келген қызметкерінен немесе өкілінен берілген шартпен байланысты сыйлықтарды және ойын-сауықтарды немесе комиссияларды, сыйақыларды немесе жеңілдіктерді қабылдамайды және бермейді. Сонымен қатар, Сақтандырушы да, оның кез келген қызметкері, өкілі немесе мердігері Сақтанушыға және Сақтандырушыға алдын ала жазбаша хабарламай, осы Шартқа қатысты Сақтанушының өкілі ретінде әрекет етпейтін кез келген қызметкермен немесе өкілмен ешқандай іскерлік келісімдерді жасамайды. Осы тармақтың мақсаттары үшін «іскерлік келісімдер» терминіне кез келген тікелей немесе тікелей емес серіктестік нысаны немесе меншіктегі үлес, тіркелмеген бірлескен кәсіпорын, агенттік келісім, комиссиялық келісімдер немесе мұндай қатысу, немесе қаржылық пайда алуға әкелуі мүмкін шарттық қатынастар кіреді; ал Сақтанушының қызметкерлеріне қатысты қолданылатын «қызметкер» терминіне, берілген тармақтың мақсаттары үшін мұндай қызметкерлердің отбасы мүшелері, сондай-ақ бауырлары, апа-қарындастары, балалары, жұбайлары немесе ата-аналары, немесе жоғарыда анықталғандай, қызметкер олармен іскерлік келісімге қызметкерлер және кез келген заңды немесе жеке тұлғалар кіреді.
2. Сақтандырушы да, оның аффилирленген тұлғаларының қандай да бір, директорлары, лауазымдық тұлғалары, қызметкерлері және акционерлері/қатысушылары, агенттері немесе өкілдері берілген Шартпен байланысты және берілген Шарттың қолданылу мерзімі ішінде тікелей немесе жанама түрде немесе кез келген басқа тәсілмен төлемдерді жүзеге асыруға, қандай да бір сыйлықтарды, бас тарту төлемдерін беруге немесе шегінімдерді беруге, салымдарды, сыйға тартуларды жүзеге асыруға, пара беруге, «бас тарту төлемдерін» беруге немесе қандай да бір басқа төлемдерді қандай да бір тұлғаға түріне тәуелсіз, ол ақшалай, мүлікпен немесе қызметтермен болсын беруге құқылы емес, (i) шарттарды жасау кезінде қандай да бір басымдықтарды алу үшін, (ii) қандай да бір шартты жасағаннан кейін қандай да бір басымдықтар үшін сыйақы ретінде, (iii) ерекше шегінімдерді алу үшін немесе алынған ерекше шегінімдер үшін немесе Сақтанушыға немесе оның қандай да бір аффилирленген тұлғаларына қатысты, немесе (iv) Қазақстан Республикасының немесе Сақтандырушы немесе оның қандай да бір аффилирленген тұлғалары қазіргі уақытта өзінің қызметін жүзеге асыратын немесе болашақта жүзеге асыратын қандай да бір юрисдикцияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын немесе қандай да бір ұқсас заңнамасын бұзушылықпен
3. Сақтандырушы берілген Шартпен байланысты мемлекеттік және реттеуші органдар мен ұйымдардың, оның ішінде заңнамалық билік органдарының қызметкерлеріне және лауазымды тұлғаларына тікелей немесе жанама немесе кез келген басқа тәсілмен төлемдерді жүзеге асыруға, қандай да бір сыйлықтарды беруге (заңнамамен көзделген жағдайларды қоспағанда) беруге, өзінің экономикалық мақсаттарына қол жеткізу үшін заңсыз, этикалық емес және тиісті емес әдістерді пайдалануға құқылы емес. Басқалай түсіндіру мүмкіндігін болдырмау үшін

Сақтандырушы Сақтанушының және/немесе оның аффилирленген тұлғаларының атынан саяси мақсаттарды қолдау үшін ақшалай нысанда немесе мүлікпен, Сақтанушының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз сыйлықтарды сыйға тартпауды, жарналарды салмауды, Сақтанушының атынан мемлекеттік чиновниктер, сайланбалы билік органдарының мүшелері және басқа тұлғалар үшін өкілдік немесе ойын-сауық шараларын өткізбеді міндетіне алады.

Қосымша:

Сақтандыруға өтініш-сауалнама.

16. ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ	
Сақтандырушы АО «СК «Евразия» _____	Сақтанушы Сақтандыру объектісінің орны – _____ _____
М.О. (т.а.ә)	(қолы)
М.О. (т.а.ә)	(қолы)